

**Азаматтық қорғаныс органдары қызметкерлері лауазымдық жалақыларының схемасын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 15 ақпан 1993 ж. N 113. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1097 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Азаматтық қорғаныс органдары қызметкерлері лауазымдық жалақыларының схемасы N 1-4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғаныс штабының бастығына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Еңбек министрлігімен келісе отырып өздеріне ведомстволық бағыныстағы бөлімшелер мен мекемелер штабтарындағы типтік емес лауазымдар бойынша лауазымдық жалақылар белгілеу хұқы берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының азаматтық қорғанысы туралы" 1992 жылғы 2 қыркүйектегі N 733 қаулысының 2-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда баяндалсын:

"Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғаныс штабының бастығына азаматтық қорғаныс штабтары мен бөлімшелерінің құрылымы мен штаттарын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен келісе отырып, әскери қызметшілер атқаратын лауазымдар бойынша белгіленген сан мен еңбекке ақы төлеу қоры шегінде бекіту хұқы берілсін".

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 15 ақпандағы  
N 113 қаулысына  
қосымшалар N 1, 2, 3, 4

(Кестелер)